
ISSN 2410 - 4280

РЕЦЕНЗИРУЕМЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

Ғылым мен Денсаулық Сақтау
Наука и Здравоохранение

Science & Healthcare

PEER-REVIEWED MEDICAL JOURNAL



3, 2020
Volume 22

Министерство здравоохранения Республики Казахстан
Учредитель: НАО «Медицинский университет Семей»
Основан в 1999 году.

Журнал зарегистрирован в Министерстве информации и коммуникаций Республики Казахстан Комитете государственного контроля в области связи, информатизации и средств массовой информации **№ 17773-Ж.**

Входит в Перечень научных изданий, рекомендуемых Комитетом по контролю в сфере образования и науки МОиН Республики Казахстан для публикации основных результатов научной деятельности **(Приказ №1033 от 05.07.2013г.)**

Включен в **Ulrich's Periodicals Directory**, **Global Health, CAB Abstracts, InfoBase Index, Directory of Research Journals Indexing, Российский индекс научного цитирования (РИНЦ), E-library.ru, Cyberleninka.ru, Norwegian register for scientific journals (NSD), Всесоюзный институт научной и технической информации Российской академии наук (ВИНИТИ РАН), Ассоциацию CONEM, РАЦС, DataBase Indexing, ICI World of Journals**

Подписной индекс 74611
в каталоге «Казпочта»
Цена свободная
Сайт http://newjournal.ssmu.kz
e-mail: selnura@mail.ru

Адрес редакции:
071400, г. Семей
ул. Абая Кунанбаева, 103
контактный телефон:
(7222) 56-42-09 (вн. № 1054)
факс: (7222) 56-97-55

Выпускающий редактор:
Э.Ф. Сапаргалиева
Переводчики:
С.А. Жаукенова, Н.А. Шумский
Перепечатка текстов без разрешения журнала запрещена.

При цитировании материалов ссылка на журнал обязательна.
Отпечатано в типографии Медицинского университета Семей
Подписано в печать: 30.06.2020г.
Формат 60x90/8.
Печать цифровая. Усл.п.л 17,0
Тираж 500 экз., зак.154

ISSN 2410 - 4280

НАУКА И ЗДРАВООХРАНЕНИЕ

РЕЦЕНЗИРУЕМЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

3 (Том 22), 2020

Журнал «Наука и Здравоохранение» - рецензируемый междисциплинарный научно-практический журнал, который публикует результаты оригинальных исследований, литературные обзоры, клинические случаи, краткие сообщения и отчеты о конференциях по широкому кругу вопросов, связанных с клинической медициной и общественным здоровьем. Основной читательской аудиторией журнала является биомедицинское научное сообщество, практикующие врачи, докторанты и магистранты в области медицины и общественного здоровья.

Главный редактор: **Е.Т. Жунусов**
доктор медицинских наук

Зам. главного редактора: **Т.А. Булегенов**
доктор медицинских наук

Редакционный совет:
Абдрахманов А.С. (Астана, Казахстан)
Акильжанова А.Р. (Астана, Казахстан)
Акшулаков С.К. (Астана, Казахстан)
Баймаханов Б.Б. (Алматы, Казахстан)
Батпенов Н.Д. (Астана, Казахстан)
Брузати Лука Джиованни Карло (Удин, Италия)
Гржибовский А.М. (Архангельск, Российская Федерация)
Даутов Т.Б. (Астана, Казахстан)
Жумадилов Ж.Ш. (Астана, Казахстан)
Кавальчи Джемиль (Анкара, Турция)
Ковальчук В.В. (Санкт-Петербург, Российская Федерация)
Лесовой В.Н. (Харьков, Украина)
Лукьянов С.А. (Москва, Российская Федерация)
Мутиг К. (Шарите, Германия)
Носо Й. (Шимане, Япония)
Раманкулов Е.М. (Астана, Казахстан)
Степаненко В.Ф. (Обнинск, Российская Федерация)
Тапбергенов С.О. (Семей, Казахстан)
Тринчеро Элизабетта Флора Ольга (Милан, Италия)
Хоссейни Хенгаме (Скрантон, Соединенные Штаты Америки)
Хоши М. (Хиросима, Япония)
Шейнин А. (Тель-Авив, Израиль)

Редакционная коллегия:
Адылханов Т.А., Аймагамбетов М.Ж., Ахметова А.К., Дюсупов Алм.А., Еспенбетова М.Ж., Жанаспаев М.А., Жумадилова З.К., Казымов М.С., Каражанова Л.К., Нуртазина А.У., Танышева Г.А., Токанова Ш.Е., Хайбуллин Т.Н., Чайжунусова Н.Ж., Шабдарбаева Д.М.

Содержание

COVID-19 - Актуальная тема

Eren E., Kiliç A.U. **5-11**
Current Treatment Options for COVID-19

Маукаева С.Б., Токаева А.З., Исабекова Ж.Б., Смаил Е.М., Нуралинова Г.И., Тренина В.А., Каримова С.С., Киебаева А.Ж., Битимиров С.Н., Жунусов Е.Т. **12-16**
COVID-19 в Казахстане и Восточно-Казахстанской области

Маукаева С.Б., Узбекова С.Е., Оразалина А.С., Узбеков Д.Е., Жунусов Е.Т., Мусабеков М.Б. **17-21**
Қазақстандағы COVID-19: эпидемиологиясы мен клиникасы

Хамидуллина З.Г., Алдабекова Г.У., Хасенова А.Ж. **22-25**
Пример эффективности санитарно-эпидемиологических мер, применяемых в перинатальных центрах, во время вспышки COVID-19: случай из практики

Маукаева С.Б., Токаева А.З., Исабекова Ж.Б., Смаил Е.М., Нуралинова Г.И., Тренина В.А., Киебаева А.Ж., Каримова С.С., Битимиров С.Н., Жунусов Е.Т. **26-31**
Летальный случай от инсульта у больного COVID-19

Обзор литературы

Salpynov Zh.L., Gaitova K.K., Tabarov A.B., Zholdassov Z.K., Novakovic T., Parker M., Avdeyev A.V. **32-41**
The assessment of clinical and economic effectiveness of radiofrequency ablation with implanted cardiac devices in patients with atrial fibrillation. Literature review

Мадиева М.И., Абильмажинова Г.Д. **42-54**
Современные представления о роли инфекционных агентов в развитии сердечно-сосудистых заболеваний. Обзор литературы

Исаханова С.А. **55-66**
Венозный тромбоэмболизм в хирургической и травматологической практике. Обзор литературы.

Тулеубаев Б.Е., Кошанова А.А., Сагинова Д.А., Камбарханов Б.К. **67-79**
Созылмалы жарақаттан кейінгі остеомиелит пен перипротездік инфекция ағымының патофизиологиялық ерекшеліктері

Оригинальные исследования

Лукашевич В.А., Пономарев В.В., Тарасевич М.И., Живолупов С.А. **80-88**
Функциональная реципрокная нейромышечная электростимуляция в адаптивной кинезитерапии у постинсультных пациентов

Ракишева Ж.В., Лепесова М.М., Рабандияров М.Р. **89-97**
Неврологические исходы затяжной неонатальной желтухи у доношенных детей первого года жизни города Алматы

Çiftçi H., Aydın Ya.Yı., Erkek A., Vural S., Ramadan H., Coşkun F. **98-104**
Evaluation of complications associated with cardiopulmonary resuscitation in emergency department

Bissenova N.M., Yergaliyeva A.S. **105-110**
Antibiotic resistance surveillance in a pediatric cardiac surgery

Мамырханова Г.М., Козыкенов А.А., Абенов А.А., Манарбеков Е.М. **111-118**
Дисплазия соединительной ткани как фактор риска привычного вывиха плеча у подростков

Секеева Т.М. **119-126**
Оценка опыта оказания реабилитационных услуг основанная на анализе «стоимость болезни»

Узбекова С.Е., Маукаева С.Б., Оразалина А.С., Узбеков Д.Е., Жунусов Е.Т. **127-133**
Опыт внедрения интегрированной образовательной программы и оценка эффективности дистанционной формы обучения на 1 курсе

Юбилей!
К 50-летию Е.М. Смаил **134**

Table Of Contents

COVID-19 - Topical Subject

Эрен Э., Килич А.У.
Текущие варианты лечения COVID – 19

Maukayeva S.B., Tokayeva A.Z., Issabekova Zh.B., Smail E.M., Nuralinova G.I., Trenina V.A., Karimova S.S., Kiebayeva A.Zh., Bitimirov S.N., Zhunussov Ye.T.
COVID-19 in Kazakhstan and East Kazakhstan Region

Maukayeva S.B., Uzbekova S.E., Orazalina A.S., Uzbekov D.E., Musabekov M.B., Zhunussov Ye.T.
COVID-19 in Kazakhstan: epidemiology and clinic

Khamidullina Z.G., Aldabekova G.U., Xasenova A.G.
A case study of epidemiological measures applying in perinatal center during COVID-19 outbreak

Maukayeva S.B., Tokayeva A.Z., Issabekova Zh.B., Smail E.M., Nuralinova G.I., Trenina V.A., Kiebayeva A.Zh., Karimova S.S., Bitimirov S.N., Zhunussov Ye.T.
Deaths from stroke in patient COVID-19

Reviews

Салпынов Ж.Л., Гаитова К.К., Табаров А.Б., Жолдасов З.К., Новакович Т., Паркер М., Авдеев А.В.
Оценка клинической и экономической эффективности радиочастотной абляции с имплантацией сердечных устройств у пациентов с фибрилляцией предсердий. Литературный обзор

Madieva M.I., Abilmazhinova G.D.
Modern concepts of the role of infectious agents in the development of cardiovascular diseases. Literature review

Issakhanova S.A.
Venous thromboembolism in surgical and traumatological practice. Literature review

Tuleubayev B.E., Koshanova A.A., Saginova D.A., Kambarkhanov B.K.
Pathophysiological characteristics of the chronic post-traumatic osteomyelitis and periprosthetic infection

Original articles

Lukashevich U.A., Ponomarev V.V., Tarasevich M.I., Zhivolupov S.A.
Functional reciprocal neuromuscular electric stimulation in adaptive kinesitherapy in post-stress patients

Rakisheva Zh.V., Lepessova M.M., Rabandiyarov M.R.
Neurological outcomes of prolonged neonatal jaundice in full-term infants in Almaty city

Чифтчи Х., Айдын Я.Й. Эркек А., Вурал С., Рамадан Х., Кошкун Ф.
Оценка осложнений, связанных с сердечно-легочной реанимацией в отделении неотложной медицины

Бисенова Н.М., Ергалиева А.С.
Исследование резистентности к антибиотикам в отделении детской кардиохирургии

Mamyrkhanova G.M., Kozykenov A.A., Abenov A.A., Manarbekov E.M.
Connective tissue dysplasia as a risk factor for habitual dislocation of the shoulder in adolescents

Sekeeva T.M.
Assessment of the experience of providing rehabilitation services based on the analysis of the “cost of illness”

Uzbekova S.E., Maukayeva S.B., Orazalina A.S., Uzbekov D.E., Zhunussov Ye.T.
The experience of introducing of integrated education program and analysis of efficiency of distant form of education on the first course

Anniversary
50th anniversary of E.M. Smail

Получена: 26 апреля 2020 / Принята: 17 мая 2020 / Опубликована online: 30 июня 2020

DOI 10.34689/SH.2020.22.3.009

УДК 616.71-002.1-08

СОЗЫЛМАЛЫ ЖАРАҚАТТАН КЕЙІНГІ ОСТЕОМИЕЛИТ ПЕН ПЕРИПРОТЕЗДІК ИНФЕКЦИЯ АҒЫМЫНЫҢ ПАТОФИЗИОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Берик Е. Тулеубаев[1], https://orcid.org/0000-0002-9640-2463

Амина А. Кошанова[1], https://orcid.org/0000-0001-8620-2196

Дина А. Сагинова[1], https://orcid.org/0000-0001-9551-5354

Бакытжан К. Камбарханов[1], https://orcid.org/0000-0001-8383-6898

[1] КеАҚ «Қарағанды медицина университеті», Хирургиялық аурулар кафедрасы, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы.

Түйіндеме

Түйіндеме. Бұл шолу мақаласы созылмалы жарақаттан кейінгі остеомиелиттің және перипротездік инфекцияның күрделі мәселесіне арналған. Мақалада осы аурулардың патофизиологиялық ерекшеліктері жайлы айтылады. Созылмалы жарақаттан кейінгі остеомиелит пен перипроетздік инфекцияны емдеудің заманауи әдістері қысқаша сипатталады.

Зерттеу мақсаты: созылмалы остеомиелит пен перипротездік инфекция ағымының патофизиологиялық аспектілерін және заманауи емдеу әдістері жайлы түсінікті зерттеу.

Іздеу стратегиясы. Мәселені терең түсіну үшін шетелдік және отандық әдеби дереккөздерге талдау жүргізілді. Дереккөздерді іздеу 2009-2019 жылдар аралығында PubMed, Medline, Cochrane Library интернет ресурстарын пайдалану арқылы жүргізілді. Іздеуге 2009-2019 жылдар аралығындағы созылмалы остеомиелит, сүйектердің іріңді инфекциясы, перипротезді инфекция жайлы мақалалар алынды. *Іздеуде қарастырылмаған мақалалар*: 2009-2019 жылдар аралығына жатпайтын, жұмсақ тіндердің инфекциясы жайлы және эндопротездеу аймағын қамтымайтын аймақтар жайлы мақалалар қарастырылмады.

Нәтижелер. Созылмалы жарақаттан кейінгі остеомиелит мәселесі ғана емес, сонымен қатар перипротездік инфекция да қысқаша айтылады. Патологиялық процестің негізгі қоздырғыштары, қазіргі заманғы травматология мен ортопедиядағы үлбір қабық түзу мәселесі көрсетіледі.

Қорытынды. Бұл мақала дәрігерлер үшін де, ғылыми қызметкерлер үшін де жарақаттылығы аз, қауіпсіз, сондай-ақ осы патологияны емдеудің арзан әдістерін іздеуде пайдасы орасан зор.

Түйінді сөздер: *созылмалы жарақаттан кейінгі остеомиелит, перипротездік инфекция, патофизиологиялық ерекшеліктері.*

Abstract

PATHOPHYSIOLOGICAL CHARACTERISTICS OF THE CHRONIC POST-TRAUMATIC OSTEOMYELITIS AND PERIPROSTHETIC INFECTION

Berik E. Tuleubayev[1], https://orcid.org/0000-0002-9640-2463

Amina A. Koshanova[1], https://orcid.org/0000-0001-8620-2196

Dina A. Saginova[1], https://orcid.org/0000-0001-9551-5354

Bakytzhan K. Kambarkhanov[1], https://orcid.org/0000-0001-8383-6898

[1] NJSC «Karaganda medical university», Department of Surgical Diseases, Karaganda c., Republic of Kazakhstan

In this review article, two complex problems of medicine are considered - chronic post-traumatic osteomyelitis and periprosthetic infection. During the review, the features of the pathophysiological course of these formidable diseases are described in detail. Along with the description of the pathophysiology of these processes, the main issues of modern methods of treating them are also addressed.

To aim of the study was: to study the features of the pathophysiological course of chronic post-traumatic osteomyelitis and periprosthetic infection, as well as modern methods of treating these diseases.

Search strategy. To achieve the goal of the study, we conducted an analysis of foreign and domestic literary sources. The search for sources was carried out using the Internet resources PubMed, Medline, Cochrane Library in the interval between 2009-2019. *Inclusion criteria were*: articles in the period 2009-2019 which addressed issues of chronic osteomyelitis, purulent bone infections, as well as periprosthetic infections. *The exclusion criteria were*: all articles that went

beyond the time frame of the search, as well as articles that addressed issues of infection of soft tissues and were not involved in endoprosthetics.

Results. The presented review article describes two problems - chronic post-traumatic osteomyelitis and periprosthetic infection. The main strains that cause these two diseases or are most often sown during microbiological studies are described in detail, and the problem of biofilm formation when using metal structures is described, which has recently been a big problem for practitioners.

Conclusion. The presented review article will be interesting for doctors closely involved in this issue, as well as for specialists in related industries.

Key words: *chronic post-traumatic osteomyelitis, periprosthetic infection, pathophysiological features.*

Резюме

ПАТОФИЗИОЛОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ТЕЧЕНИЯ ХРОНИЧЕСКОГО ПОСТТРАВМАТИЧЕСКОГО ОСТЕОМИЕЛИТА И ПЕРИПРОТЕЗНОЙ ИНФЕКЦИИ

Берик Е. Тулеубаев[1], https://orcid.org/0000-0002-9640-2463

Амина А. Кошанова[1], https://orcid.org/0000-0001-8620-2196

Дина А. Сагинова[1], https://orcid.org/0000-0001-9551-5354

Бакытжан К. Камбарханов[1], https://orcid.org/0000-0001-8383-6898

НАО «Медицинский университет Караганды», Кафедра хирургических болезней, г. Караганда, Республика Казахстан.

Резюме. В представленной обзорной статье рассматриваются две сложные проблемы медицины – хронический посттравматический остеомиелит и перипротезная инфекция. При проведении обзора подробно описаны особенности патофизиологического течения этих грозных заболеваний. Наряду с описанием патофизиологии этих процессов, также затрагиваются основные вопросы современных методов лечения их.

Цель исследования: изучить особенности патофизиологического течения хронического посттравматического остеомиелита и перипротезной инфекции, а также современные методы лечения этих заболеваний.

Стратегия поиска. Для достижения цели исследования нами был проведен анализ зарубежных и отечественных литературных источников. Поиск источников проводился при использовании интернет ресурсов PubMed, Medline, Cochrane Library в промежутке между 2009-2019 годами. *Критериями включения были*: статьи в период 2009-2019 годов в которых были рассмотрены вопросы хронического остеомиелита, гнойных инфекций костей, а также перипротезной инфекции. *Критериями исключения были*: все статьи, выходящие за временные рамки поиска, а также статьи, где рассматривались вопросы инфекции мягких тканей и не вовлеченных при эндопротезировании.

Результаты. В представленной обзорной стетье описаны две проблемы – хронический посттравматический остеомиелит и перипротезная инфекция. Подробно описаны основные штаммы, которые вызывают эти два заболевания или чаще всего высеваются при микробиологическом исследовании, а также описывается проблема биопленкообразования при применении металлоконструкций, что в последнее время является большой проблемой для практических врачей.

Заключение. Представленная обзорная статья будет интересна для врачей тесно занимающихся этой проблематикой, а также для специалистов смежных отраслей.

Ключевые слова: *хронический посттравматический остеомиелит, перипротезная инфекция, патофизиологические особенности.*

Библиографическая ссылка:

Тулеубаев Б.Е., Кошанова А.А., Сагинова Д.А., Камбарханов Б.К. Созылмалы жарақаттан кейінгі остеомиелит пен перипротездік инфекция ағымының патофизиологиялық ерекшеліктері // Ғылым және Денсаулық сақтау. 2020. 3 (Т.22). Б. 67-79. *doi:10.34689/SH.2020.22.3.009*

Tuleubayev B.E., Koshanova A.A., Saginova D.A., Kambarkhanov B.K. Pathophysiological characteristics of the chronic post-traumatic osteomyelitis and periprosthetic infection // *Nauka i Zdravookhranenie* [Science & Healthcare]. 2020, (Vol.22) 3, pp. 67-79. *doi:10.34689/SH.2020.22.3.009*

Тулеубаев Б.Е., Кошанова А.А., Сагинова Д.А., Камбарханов Б.К. Патофизиологические особенности течения хронического посттравматического остеомиелита и перипротезной инфекции // Наука и Здравоохранение. 2020. 3 (Т.22). С.67-79. *doi:10.34689/SH.2020.22.3.009*

Кіріспе. Қазіргі заманғы травматология мен ортопедияда созылмалы жарақаттан кейінгі остеомиелит пен перипротездік инфекция емдеуші дәрігер мен жалпы денсаулық сақтау жүйесі үшін әлі де маңызды, әрі күрделі мәселе болып табылады [2,6,61]. Созылмалы жарақаттан кейінгі остеомиелит пен перипротездік инфекцияны анықтау әдетте жұқпалы агенттер тудырған сүйектің жергілікті бұзылуы

мен некрозданууға әкелетін сүйек пен сүйек кемігінің қабыну үрдісі.

Созылмалы жарақаттан кейінгі остеомиелит пен перипротездік инфекцияның этиологиясы мен экономикалық құрамдас бөлігі травматология мен ортопедияда күрделі мәселе болып қала береді. Буын инфекциясының ауруы жамбас-сан буынының артропластикасынан кейін 0,3% - дан 2,4% - ға және тізе буынының эндопротезінен кейін 1,0% - дан 3,0% - ға дейін ұлғайып отыратыны дәлелденген. Артропластикалардың цементсіз түріне қарағанда цементті түрін қолданған кезде созылмалы жарақаттан кейінгі остеомиелитпен аурушаңдық жоғары болып келеді [13,35,40,66]. Асептикалық ревизиядан кейінгіге (3%) қарағанда септикалық ревизиядан кейінгі (18%) өлім-жітім алты есе жоғары болды. 2005-2010 жылдары АҚШ-та жүргізілген зерттеуге сәйкес науқастарды іріктеуді зерттеу кезінде, жамбас-сан артропластикасынан кейін 235 857 ревизия шаралары және тізе буындарының артропластикасынан кейін 301 718 ревизия шаралары жүргізілген, АҚШ-та буындардың инфекциясы тізе буынының қайталанған артропластикасы үшін (25%) және жиілігі бойынша үшінші себеппен жамбас-сан буынының артропластикасы (15,4% құрайтын) үшін ең жиі себеп болды. Перипротездік инфекцияға байланысты емдеуге жатқызудың орташа жеке шығындары АҚШ ауруханаларындағы тізе буындары үшін 25 692 АҚШ долларын және жамбас-сан буындары үшін 31 753 АҚШ долларын құрады [20,32]. Жинақтаушы шығындар екі жақты бірлескен инфекциялар немесе көп сатылы ревизиялары бар адамдар үшін әлдеқайда жоғары болар еді.


Сынумен байланысты сүйек инфекцияларының жиілігі зақымданған сүйекке және сыну дәрежесіне немесе түріне байланысты 1,8% - дан 27% - ға дейін өзгереді. Gustilo I типті жабық және ашық сынықтар инфекцияланудың ең төменгі деңгейіне ие (1,8%), ал аяқтың ауыр ашық сынықтары инфекцияланудың ең жоғары деңгейіне ие (27%) және де соның ішінде асықты жілік сүйегі жиі зақымданады [18,50,57]. Созылмалы жарақаттан кейінгі остеомиелитті емдеудің орташа құны $108,782 инфекциямен асқынбаған сынықтарды емдеумен салыстырғанда $57,418 құрайды. Сүйек инфекциясымен жалпы ауру диагностиканың жақсаруымен, науқастар үшін қауіп факторларының (мысалы, қант диабеті) ұлғаюымен және артропластикаға қажеттіліктің ұлғаюымен қоса алғанда, көптеген факторларға байланысты өсуі мүмкін [34,44,63].

Остеомиелиттің жарақаттық компонентінің патоморфологиялық негізін жарақаттық-ишемиялық, инфекциялық-қабынулық және сүйектегі репаративтік өзгерістер және параоссалды жұмсақ тіндердегі іріңдеу үрдісінің дамуына және сүйек деструкциясының бір немесе бірнеше ошақтарының қалыптасуына әкелетін кешенді құрайды. Осылайша, созылмалы жарақаттан кейінгі остеомиелит пен перипротездік инфекцияны кешенді емдеудегі негізгі патогенетикалық тәсіл – хирургиялық ота болып табылады. Қазіргі уақытта фармацевтика ғылымындағы прогресске қарамастан осы мақсатта әртүрлі дәрі - дәрмектерді ұсынуға, тиімді интра- және отадан кейінгі санация және осы қуысты барабар алмастыру туралы мәселе әлі де өзекті болып отыр [38,39,51].

Созылмалы жарақаттан кейінгі остеомиелит пен перипротездік инфекция патофизиологиясын жақсы түсіну үшін негізгі факторларға бағытталған емдеу нәтижелерін жақсартатын үздік терапиялық стратегияларды әзірлеу болып табылады.

Зерттеу мақсаты: созылмалы остеомиелит пен перипротездік инфекция ағымының патофизиологиялық аспектілерін және заманауи емдеу әдістері жайлы түсінікті зерттеу.

Зерттеу стратегиясы. Шетелдік және отандық әдеби дереккөздерге талдау жүргізілді. Дереккөздерді іздеу соңғы 2009-2019 жылдар аралығында PubMed, Scopus, Cochrane Library интернет ресурстарын пайдалану арқылы жүргізілді. Шолуға созылмалы остеомиелит және перипротездік инфекция кезіндегі патогенетикалық өзгерістер туралы деректер енгізілген. Іздеуге енгізу критерийлері: 2009-2019 жылдар аралығындағы созылмалы остеомиелит, сүйектердің іріңді инфекциясы, перипротезді инфекция жайлы мақалалар алынды. Іздеуге енгізбеу критерийлері: 2009-2019 жылдар аралығына жатпайтын, жұмсақ тіндердің инфекциясы жайлы және эндопротездеу аймағын қамтымайтын аймақтар жайлы мақалалар қарастырылмады. Көрсетілген іздеу аралығында негізгі іздеу сөздері бойынша барлығы 9845 мақала табылды. Оның ішінде енгізу және енгізбеу критерийлеріне сәйкес 250 мақала жұмысқа алынып, толық сараланды. Олардың ішінен негізгі іздеу сөздері мен зерттеу мақсатына сәйкес болып, қайта толық қаралған және осы жұмысқа алынған 69 мақала болды (сурет 1).



Сурет 1. Мақалаларды таңдау алгоритмі.

Нәтижелері

Созылмалы жарақаттан кейінгі остеомиелит пен перипротездік инфекция жалпы қабылданған үш санатты ауру механизмдерінің кең спектрін қамтиды: гематогенді таралу, ілеспе ластану және инфекция, қан тамырлар патологиясы немесе неврологиялық жетіспеушілікке байланысты. Бактериялардың алғашқы гематогенді таралуы негізінен кез келген жастағы

жетілмеген сүйектердің метафизін немесе омыртқа денелерін зақымдайды, бірақ басқа жерлерде де пайда болуы мүмкін [4,45]. Аралас инфекциялар әдетте жұқтырылған, яғни ластанған аймақтан тарайды, көбінесе бұл – ашық сынықтар кезінде бактерияларды тікелей жара бетіне түседі немесе металбекіткіштерді пайдалана отырып, отадан кейін, оның ішінде артропластика мен остеосинтезден кейін байқалады. Қан тамырларының немесе неврологиялық жетіспеушілігімен байланысты созылмалы жарақаттан кейінгі остеомиелитке шалдығу ол – зақымдану аймағын нашар қанмен қамтамасыз ететін, диабеттік жарақаттардың болуы, ағзаның қорғаныс қызметінің нашарлауы және иммундық қорғаудың бұзылуының нәтижесі болып табылады, бұл әдетте аяқтардың қан айналымына әсер етеді [56,62,67].

Сүйек инфекциясы бактерия, паразит, вирус немесе саңырауқұлақ секілді микроағзалардың бірінен пайда болса, созылмалы жарақаттан кейінгі остеомиелит басым көпшілік жағдайда бактериялар салдарынан пайда болады. *Staphylococcus aureus* (*S. aureus*) остеомиелит жағдайларының 80-90% себебі болып табылады, ал *Streptococcus epidermidis* (*S. epidermidis*) имплантациялық инфекция болып саналады, себебі көбінесе медициналық бұйымдарды, соның ішінде ортопедиялық аппараттардың бетінде шөгіп, сақталатын қасиеті бар [64]. Benito және әріптестері 2004 жылдан бастап 2010 жылға дейін жыл сайын полимикробты инфекциялармен сырқаттанушылықтың бес есе өскені және грам-теріс бактериялардан туындаған инфекциялардың жыл сайынғы үлесінен осындай алаңдаушылықтың артқаны туралы хабарлады. Олардың ішінде *Enterobacteriaceae*, *Pseudomonas aeruginosa* секілді қоздырғыштар күрделі болып табылады, себебі олар антибиотиктердің кең спектріне төзімді [11,36,55].

Бактериялар сүйек тініне түскен кезде жедел қабыну реакциясын тудырады. Бактериялардың уыттары мен қабыну үрдісі сүйекке әсер етеді және оның некрозын тудыра отырып, таралады. Балаларда сүйек қабы сүйекке бос бекітілген, бұл сүйек бетінің бойында едәуір субпериосталды абсцесстерді қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сүйектің көтерілуі секвестр ретінде белгілі сүйектің сегментарлы некрозын тудыра отырып, сүйектің зақымдалған бөлігінің қан айналымын қосымша нашарлатады. Созылмалы сатыда көптеген қабыну жасушалары және цитокиндердің босатылуы сүйектің остеокластық резорбциясын, талшықты тіннің шөгуін және жаңа реактивті сүйектің шеткері аймақтарға шөгуін ынталандырады. Жаңадан пайда болған сүйек өлі инфицирленген сүйек сегментінің айналасында "жаңа" сүйек тінін құруы, бұл инволюция деп аталады. Субпериосталды абсцесстің жарылуы жұмсақ тіндердің абсцессіне және дренирлеуші синустың пайда болуына әкелуі мүмкін.

Перипротездік инфекцияның ерекшеліктері.

Созылмалы жарақаттан кейінгі остеомиелит пен перипротездік инфекция патофизиологиясы оның пайда болу себептеріне байланысты бір-бірінен ерекшеленеді. Сондықтан буындардың перипротездік инфекциясы ортопедиялық имплант «өмірінің» әртүрлі уақытында пайда болуы мүмкін. Бұл инфекция ерте (<3 ай), кейінге қалдырылған (3 ай – 2 жыл) және кеш (> 2 жыл) деп жіктеледі. Ерте перипротезді инфекциялар тікелей жұқтыру нәтижесінде пайда болады. Вирус немесе бактерия аз болатын болса, инфекция тежеліп қана қоймайды, ол ота жасалған аймаққа гематогенді жолмен таралуы мүмкін. Протез маңайына немесе имплант бетіне биоүлбір қабық қаптап жиналған микроағзалар сол аймақта созылмалы инфекцияның көзі болып сақталуы мүмкін. Науқастың иммундық жағдайының бұзылуы бұл үрдісті нашарлатуы мүмкін [11].

2011 жылы бұлшықет-қаңқа инфекциясы қоғамы буындардың перипротездік инфекция критерийлерінің бірегей жиынтығын ұсынды, олар кейіннен консенсусте перипротездік инфекциялар бойынша халықаралық кеңесте қайта қаралды. Буындардың перипротездік инфекциясы диагнозы, егер мынадай негізгі өлшемдердің бірі болса, анықталуы мүмкін: бірдей микроағзалармен екі оң перипротездік сынамалардың болуы; буынмен байланысатын жыланкөздің болуы; келесі үш болмашы критерийлердің болуы: қан сарысуындағы С-реактивті ақуыздың жоғары деңгейі және эритроциттердің шөгу жылдамдығы мен қандағы лейкоциттердің жоғары мөлшері, қан сарысуындағы полиморфты ядролық нейтрофилдердің жоғары пайызы, перипротезді тіннің оң гистологиялық талдауы және перипротезді тіннің немесе сұйықтықтың бірыңғай оң сынаманың болуы [9,48]. Алайда, клиникалық тұрғыда кей жағдайларда перипротездік инфекция осы критерийлерсіз де дамуы мүмкін.

Перипротездік инфекция әдетте бактериялардың "жабысуымен" және кейін стафилококк-байланысқан инфекция кезіндегі әсер етудің негізгі механизмі болып табылатын биоүлбір қабықтың пайда болуымен басталады [69]. Инфекциялық ағзалар инфекциялық агенттің қорғаныш механизмдері жағынан өсуге және секвестрлеуге ықпал ететін микро аймақ жасайды. Эндопротезді немесе металл конструцияны оталау барысында анатомиялық орынға салған соң ол бірінші кезекте микроағзалармен қапталады. Ол мироағзалар арнайы ақуыз бөлу арқылы металл бетіне биоүлбір қабық түзуге тырысады. Имплантат осы ақуыздармен жабылып үлкен үстіңгі биоүлбір қабығын түзеді, оған еркін жүрген бактериялар жабыса алады [54]. Бұл ұстаным жақында полисахаридтік жасушааралық адгезия деп аталды, және ол стафилококтарда бактериялық биоүлбір қабықты қалыптастыру үшін негіз болып табылатыны анықталды [31]. Биоүлбір қабық жасушадан тыс полимерлік зат негізінен бактериялық колонияларды капсуляциясыздандыратын полисахаридтерден тұрады, микробқа қарсы химиялық заттарды сүзеді, антибиотиктердің перфузиясын болдырмайды және соңғылардың фармацевтикалық тиімділігін шектейді. Геномдық талдау, Li және әріптестері биоүлбір қабықтардағы өлі жасушалар антибиотиктерге төзімділіктің хромосомды-кодталатын детерминанттарының донорлары ретінде әрекет етуі мүмкін [37].

Биоүлбір қабықтың пайда болуы және шырыштың аз мөлшерін бөлу маңызды үрдіс болып табылады. Олардың көмегімен микроағзалар иесінің қорғаныш

жүйелерін айналып өтуі мүмкін. Стафилококк шырышты-тері беттеріне байланыстыра және отарлай алады, және *S.aureus* науқастың жасушаларынан өтеді және сақталады. Сондай-ақ, белгілі жағдайларда стафилококк макрофагтар және нейтрофилдер сияқты иммундық жасушаларына еніп және колония түзуге де қабілетті [29]. Микроағзалар ұзақ уақыт бойы ең аз вируленттілікті тудыра отырып, иесінің жасушасындағы лизосомдарға тұрақты болып қалатыны әзірге белгісіз. Сонымен қатар, стафилококтар кіші колониялардың нұсқаларын өндіре алады, бұл антибиотиктерге вируленттілік пен төзімділіктің өзгеруіне әкелуі мүмкін [59]. Микроағзалардың бұл белгілері инфекцияларды жоюдағы қиындықтарға әкеледі.

"Жабысып қалған" бактерияларды алып тастау үшін ультрадыбыспен өңдеуді және микроскопияның әртүрлі нысандарын пайдалана отырып тікелей анықтауды қоса алғанда, мамандандырылған әдістерді пайдалана отырып зерттеулер бактериялардың дақыл бойынша көптеген теріс жағдайларда болатынын растады. Бұл бактерияларды оқшаулауға қабілетсіздігіне негізделген эндопротездің асептикалық ыдырауы ретінде қарастырылатын сәтсіз орнатылған ортопедиялық имплanттардың кейбір жағдайлары инфекциялық этиологияға ие болуы мүмкін деген болжамға әкелді. Биоүлбір қабықтарға қосымша ретінде өсірудің жалған теріс нәтижелері *in vivo* өсу кезінде индукцияланған колониялардың шағын нұсқаларын тануға қабілетсіздігін және остеобласттарды қоса алғанда, ағзаның жасуша ішіндегі бактериялардың болуын қамтиды. Биоүлбір қабықтарда және остеобласт ішінде шағын колониялар түрінде сақталатын микроағзалар тірек-қимыл жүйесі аппаратында болуы мүмкін іріңді үрдістердің пайда болу себебі болып табылады [69].

Созылмалы жарақаттан кейінгі остеомиелиттің ерекшеліктері.

Перипротездік инфекция мен созылмалы жарақаттан кейінгі остеомиелиттің патофизиологиясында ерекшеліктер бар. Жарақаттан кейінгі остеомиелиттің пайда болуы зақымданған сүйектерге, алғашқы жарақаттың сипаттамасына және науқастың жағдайына байланысты айтарлықтай өзгереді. Перипротездік инфекцияға қарағанда, зақымданған буын қуысында немесе сүйек кемігінің перипротездік бөлігінде басталатын, жабық сынықтармен салыстырғанда ашық сынықтар тері арқылы бактериялармен және өсе алмау қаупіне ұшырау мүмкіндігі жоғары. Инфекция жұмсақ тіндерге, сүйектің кортикалды бөлігіне және сыну орнының айналасындағы сүйек кемігіне тікелей әсер етуі мүмкін. Сүйек тініне өткен кезде бактериялар көбейеді және жайылған сүйектің некрозына әкелетін өткір қабыну реакциясын тудырады. Бактериялар мен қабыну сүйек кемігі бойынша тарайды және барлық гаверс каналдары мен сүйек қабығы арқылы тарала алады, бұл сүйек тыртықтануының пайда болуына қауіп төндіреді және сынықтың инфекциялануына әкеп соқтырады [7,12,56]. Жарақаттан кейінгі остеомиелит клиникалық белгілеріне байланысты ерте (2 аптадан кем), кейінге қалдырылған (2-10 апта) және кеш (10 аптадан астам) болып бөлінеді. Алайда, оның пайда болу мерзімі перипротездік инфекциядан ерекшеленеді.

Эксперименталы созылмалы остеомиелиттің ерекшеліктері.

Жануарларға созылмалы остеомиелит ағымының эксперименталды үлгілері адамдарда байқалатын сынықтарға байланысты сүйек инфекцияларының патогенезін зерттеуге мүмкіндік береді. Ашық сынықтарда байқалатын сүйектің клиникалық зақымдануы сыну сипаттамаларына байланысты науқастарда түрліше болады. Адамдарда байқалатын ашық сынықтарды дәл үлгілеу техникалық қиын. Көптеген зерттеушілер остеотомия немесе сүйек кемістігі үлгісін сыну орындарында остеомиелиттің өршуі кезінде патологиялық өзгерістерді қосымша анықтау үшін сынықпен байланысты сүйек инфекциясын имитациялау үшін пайдаланды. Жиі *S.aureus* немесе *S. epidermidis* жұқтыруы бітпейтін сынықтары бар инфекцияланған жануарлардың созылмалы остеомиелит үлгілерін жасау үшін қолданылады [1,7,22,23,60]. Мысалы, сүйек тінінің цитокиндері мен хемокиндер гомогенаттарын зерттеу нәтижесінде S.aureus-пен инфицирленген егеуқұйрыққа жасалған созылмалы остеомиелит үлгісінде, асық жілік остеотомиясынан кейін сүйекте жұқтырғаннан кейін бірінші күні интерлейкин-1β (IL-1β) және қабыну ақуызы-2 макрофаг (MIP-2) және т.б. қабынуға қарсы медиаторлардың концентрациясы жоғарылағанын көрсетті. Табылған деректер сондай-ақ интерлейкин-10, қабынуға қарсы цитокин прототипі Th2, барлық инфекцияланған жануарларда санының артқанын көрсетті. Иммунокомпетентті жасушалардың немесе гранулоциттердің гистологиялық жиналуы остеотомия орындарында табылды. Тартрат-резистентті қышқыл фосфатазаға төзімді жасушалар отадан кейін 1-ші күні сирек байқалған, бірақ 42-ші күні жиі, олар негізінен сүйектердің зақымдануымен және сүйектердің резорбцияланған үрдістері аймақтарында орналасқан. Грануляциялық тінде периосталды реакция, сүйек қабығының қалыңдауы, миелоидты гиперплазия, полиморфты ядролық жасушалар байқалды [7, 60]. Бұл деректер жарақаттан кейінгі остеомиелиттің үдеуі кезінде қабынулық және қабынуға қарсы медиаторлар бар екенін көрсетеді.

Көптеген әдістер кеңінен қолданылса да, сүйек инфекциясын емдеу клиникалық тұрғыда үлкен мәселе болып қала береді. Емдеу нұсқалары негізінен сүйек инфекциясы бар науқастардың алғашқы себептеріне және жергілікті патологиялық өзгерістеріне байланысты. Артропластикадан және жарақаттан кейінгі остеомиелиттен кейін инфекцияны емдеу әдістері төменде талқыланады.

Перипротездік инфекцияны емдеу принциптері.

Бастапқы эндопротез перипротездік инфекцияға байланысты істен шыққан кезде, хирургтар әдетте араласудың шектеулі мүмкіндіктеріне тап болады. Бактерияларды буындар қуысынан алып тастау қиын, себебі олардың әртүрлі таксономиясы, бекітудің күрделі механизмдері мен антибиотиктерге төзімділіктің дамуына бейімділігі белгілі. Стандартты емдеу антибиотиктерді жүйелі енгізуді және инфекцияланған протезді сақтау немесе жою нұсқаларын қамтиды.

Bedair және әріптестері [10] перипротездік инфекцияны бақылау үшін хирургиялық емдеудің ең жиі қолданылатын үш нұсқасын былайша жиынтықтады: ашық суландыру және компоненттерді ұстап тұратын санация; барлық инфекцияланған протезді компоненттер ирригациясы мен санациядан кейін алынып тасталатын, содан кейін жаңа компоненттермен ауыстырылатын бірмезеттік ревизия; сондай-ақ екі кезеңді ревизия (авторлардың көпшілігі перипротездік инфекцияны емдеудің алтын стандарты деп есептейді), онда протездің барлық компоненттері алынып тасталады, цементтен бактерияға қарсы төсем салынады, содан кейін перипротездік инфекция белгілері болмаған кезде протез компоненттері қайтадан орнатылады.

Инфекциялық ошаққа антибактериалды препараттарды тасымалдау жүйесі қазіргі таңда сүйек цементін және полиметилметакрилатты қолдану арқылы жүзеге асырылады. Бұл тәсілдердің физикалық ерекшеліктерін ескере тұра, оларды қолдану үшін жоғары температураға тұрақты антибактериалды препараттарды қолданған жөн. Бұл мақсатта жиі амингликозид (гентамицин және тобрамицин) және гликопептид (ванкомицин) туындылары жиі қолданылады [17]. Эндопротезді алып тастайтын жағдай туындайтын болса, антибиотикке байытылған ПММА тіректік қызметті қамтамасыз ете алады және сүйектің үлкен ақауын толтыра алады, әйтпесе бактериялардың өсуі үшін қолайлы нашар тамырланған ортаны құрар еді. Сонымен қатар, антибиотиктері бар ПММА өте төмен жүйелік асқынумен дәрілердің жоғары концентрациясын жергілікті шығаруы мүмкін. Жеке тапсырыс бойынша дайындалған, антибиотиктермен дайындалған спейсер-ПММА цементі жұққан буындардың екі кезеңді ревизиясы үшін әзірленген, ол буындардың қуысын сақтап, буындардың қозғалыс көлеміне бейімделіп жасалады [16,33].

Биоыдырамайтын материалдар.

Дегенмен ПММА-қа байланысты анықталған шектеулер және мәселелер ПММА-мен сүйек цементін протездерді сәтті бекіту үшін пайдаланылады. Әлеуетті мәселелер ПММА-ның жоғары экзотермиялық мүмкіншілігін қамтиды, ол тек емдеу үшін термостабилды антибиотиктердің шектеулі мөлшерін ғана пайдалануға мүмкіндік береді, енгізілген антибиотиктердің толық босатылуын қамтамасыз етпейтін ПММА-ның беттік аймағынан антибиотиктердің шектеулі жуылуы, науқастың сүйегімен нашар остеоинтеграция және мономермен босатылатын метилметакрилат, ол тіндерге арналған жергілікті уыттылықты және артериялық қысымның лабилділігі, гипоксия және сананың шатасуы сияқты жүйелі әсерлерді тудыруы мүмкін [25]. ПММА сүйек цементіне балама әзірлеу үшін көп күш жұмсалды. АҚШ-та азық-түлік өнімдері мен дәрі-дәрмектердің сапасын санитарлық қадағалау басқармасы қолданыстағы цемент бұйымдарын ауыстыру мақсатында «BisGMA-TEGDMA Cortoss™» негізінде сүйек цементін мақұлдады. «Cortoss™» сүйек цементі аз экзотермиялық реакцияны, азайған шөгуді және ПММА-ны басқа өнімдерімен салыстырғанда салыстырмалы механикалық қасиеттерге ие екенін көрсетті. Дегенмен, бұрынғыдай босаған мономерлер мен биосыйымдылыққа қатысты көптеген қауіптер бар [26]. Жақында әзірленген силоран цементтері төменгі экзотермиялық қасиетті көрсетті (шамамен 26°C). *In vitro* және жануарларға арналған зерттеулер силоран цементінің термотұрақты антибиотиктермен байытылуына қабілеттілігін көрсетті.

Айта кететін тағы басқа мәселе ПММА мен сүйек цементтерін алып тастау қажеттілігі болып табылады, өйткені бұл материал табиғи жағдайда ыдырамайды. Бұл науқасты қайтадан анестезияға және ота жасауға шалдықтырады, бұл жаралық инфекциялардың жоғарғы қаупіне, сондай-ақ денсаулық сақтауда айтарлықтай шығындарға әкеледі. Бұдан бөлек, ПММА сүйек регенерациясына қатыспайды. Сондай-ақ, ПММА-ның бактериялар инфекциясының екінші ошағына айнала алатын қолайлы орта болып табылатыны дәлелденді. ПММА баламасы ретінде биоыдырайтын материалдарды пайдалана отырып, антибиотиктерді жеткізудің неғұрлым тиімді жергілікті құралдарын әзірлеу үшін айтарлықтай күш-жігер жұмсалды.

Биоыдырайтын материалдар.

Коллагенді губка - табиғи, биологиялық ыдырайтын полимер болып табылады. Дегенмен, зерттеулер антибиотикті босатудың жоғары жылдамдығын және оны антибиотиктерді тасымалдаушы ретінде пайдаланудың қарама-қайшы нәтижелерін көрсетті. Демек, босатудың ұзақ жылдамдығы бар биологиялық ыдырайтын полимер материалдарды-тасымалдаушыларды әзірлеуге қызығушылық бар. Полисүт қышқылы, полигликоль қышқылы және олардың сәйкес полимерлері полисүт-гликоль қышқылы сияқты кейбір синтетикалық биологиялық ыдырайтын полимерлер биосәйкес болып табылады және тасығыштан антибиотиктердің бақыланатын босатылуын жүзеге асыра алады. Элюцияның *in vitro* және *in vivo* зерттеулері поликапролактон тобрамициннің ПММА-ға қарағанда 8 апталық эксперименттер ішінде едәуір жоғары концентрациясын жеткізгенін көрсетті [27].

Сүйекпен үйлесімді және сүйектің пайда болуына ықпал ететін органикалық емес материалдар да балама тасымалдаушылар ретінде зерттелді. Бета-трикальцийфосфат және гидроксиапатит сияқты кальций сульфаты мен кальций фосфатының биоматериалдарын жануарлардың үлгілерінде остеомиелитті емдеу және клиникалық зерттеулер үшін биологиялық ыдырайтын керамика материалдар ретінде пайдаланған [27].

Күміс – жұқтыру қаупін азайту үшін ортопедиялық имплантаттарға жабу ретінде қолданылады. Жуырдағы "жағдай-бақылау" типті зерттеу күміспен өңделген имплантаттар инфекцияның бар-жоғына екі кезеңді бақылау және эндопротезді орнату барысында оң грамм бактериялармен зақымдалған науқастарда тиімдірек болатынын дәлелдеді. Күміспен жалатылған метал конструкцияларды пайдалану кезінде қосымша антибактериалды ем қолданатын болса, ол имплланттың ұзақ қызмет етуіне жәрдемдеседі [65]. Күміс жалатылған металл конструкциялар сүйек тінінің

остеоиндуктивті қызметін белсендіріп, сынықтың бітуін жеделдетеді [28].

Биологиялық белсенді шыны негізіндегі тасымалдауыштар жүйесінің ең үлкен артықшылығы – олар инфекцияны бір мезгілде жою және сүйекті қалпына келтіру үшін жүйені әлеуетті қамтамасыз ете алады, сол арқылы келесі сүйек трансплантациясы қажеттілігін жояды [8,49,53]. Жануарлардың көптеген үлгілері биобелсенді шынының антибиотиктік қасиеттерін және оның биошынының бұзылуына қарай сүйектің регенерациясын қолдау қабілетін растады. Адамдардағы алдын ала зерттеулер көп перспективті нәтижелер көрсетті [3,15,52,68].

Сынықтарды емдеудің жалпы принциптері.

Сынықтар кезінде инфекцияларды басқару тұрақты мәселе болып табылады. Бактерияға қарсы емдеу және хирургиялық өңдеу болса да, ирригация және дренаж инфекцияланған сынықтарды емдеу кезінде жақсы белгілі ем шаралар болып табылады, ортопедтер кейде бекіткіштерді сақтау немесе алу керектігін анықтау үшін көптеген ыңғайсыздықтарға тап болады. Жалпы алғанда, терең инфекцияларды металлбекіткіштер болған жағдайда емдеу мүмкін емес. Алайда, бітпеген сынықтар болған кезде бекіткіштерді алып тастау сынықтарды емдеуді едәуір қиындатады; сыртқы бекіту әдетте бітіп келе жатқан сынықтарды тұрақтандыру үшін қажет [21]. Металлбекіткіштері сақталған науқастардың үздік нәтижелері болды, ал емделгенге дейін бекіткіштерді алып тастауды талап еткен науқастардың қанағаттанарлықсыз нәтижелері бар деп есептеліпі 69 жағдайдың 47 - і (68%) сәтті болды, ал 22-сі (32%) сәтсіз болды. 47 сәтті жағдайлардың 18-нің бекіткіштері алынып тасталды. Алынған деректер түпнұсқалық жабдық болған кезде инфекциялық сынықтарда сүйектің бітуіне қол жеткізуге болады деп болжауға мүмкіндік береді, бірақ табысқа жету ықтималдығы кең таралған пікірге қарағанда аз. Ортопедиялық-травматологиялық қауымдастық С типті сынықтар инфекцияның жоғары қаупі бар деп санайды. Фасциотомияны орындау да жұқтыру қаупін арттырады. Ерте агрессивті өңдеу кең спектрлі антибиотиктерден жасалған жабыны бар пластиналарды орнатумен ұштастыра отырып, сынудың тұрақтылығын қамтамасыз ете алады және бір хирургиялық шараның көмегімен инфекциямен күресуде көмектесе алады [24,46].

Созылмалы жарақаттан кейінгі остеомиелитті емдеу принциптері.

